

Сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге, сондай-ақ міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша міндетті сақтандыру шарттарын жасау үшін сақтанушы өтініштерінің мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 24 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6171 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 269 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушы өтінішінің мазмұнына қойылатын талаптар;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушы өтінішінің мазмұнына қойылатын талаптар;

4) осы қаулыға 3-1-қосымшаға сәйкес туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтанушы өтінішінің мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Талаптардың 2-тарауын қоспағанда, осы қаулы оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және "Ақтуарлық статистикалық бюро" ЖШС-не мәлімет үшін жеткізсін.

5. Агенттіктің Төрайым қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы

Сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі (бұдан әрі – Заң), "Туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полистерін рәсімдеуге және беруге қойылатын талаптарды белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Сақтандыру полисі - сақтандырушы сақтанушыға беретін және сақтандыру шарты болып табылатын құжат.

2. Сақтандыру полисінде мынадай мәліметтер бар:

1) сақтандырушының атауы, тұрған жері, телефоны және банктік деректемелері;

2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), сақтанушының мекенжайы (жеке тұлғалар үшін);

3) сақтанушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, экономика секторының коды, резиденттік белгісі (резидент/резидент емес), мекен-жайы, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);

4) экономикалық қызмет түрі (заңды тұлғалар үшін);

5) сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті мемлекеттік орган берген мемлекеттік лицензияның берілген күні, сериясы және нөмірі туралы мәліметтер;

6) сақтандыру объектісін көрсету;

7) сақтандыру жағдайын көрсету;

8) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемінің тәртібі және мерзімдері;

9) сақтандыру сыйлықақысының (егер ақы мәулетпен төленетін болса, сақтандыру жарнасының) мөлшері, валюта түрі, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;

10) сақтандыру полисінің қолданылатын аумағын көрсету;

11) сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;

12) сақтандырылған адам (пайда алушы) туралы көрсету, егер ол сақтандыру шарты бойынша сақтаушы болып табылмаса;

13) сақтандырушының қолы;

14) сақтандыру полисінің нөмірі;

15) сақтандыру полисінің берілген күні;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да мәліметтер.

Экономика секторының коды және резиденттік белгісі (резидент/резидент емес) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып

тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

Резиденттік мәртебе "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады. Мыналар резиденттерге жатқызуға негіз болып табылады:

жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін), не Қазақстан Республикасында тұрақты өмір сүру құқығын растайтын құжат (шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар үшін);

заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы анықтама немесе куәлік.

Экономикалық қызмет түрі "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 81 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11769 тіркелген) 33-қосымшасына сәйкес көрсетіледі.

Егер сақтандыру полисін филиал немесе сақтандырушы агент берсе, онда сондай-ақ филиал басшысының атауы, тұрған жері, телефоны және фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе сақтандыру агентінің мекен-жайы, телефоны және фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) болуы тиіс.

Тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің сипаттамасы сақтандыру полисінің сырт жағына міндетті түрде жазылады немесе оған қоса беріледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.10.2015 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.05.2016 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Сақтандырудың міндетті түрлері (класстары) бойынша сақтандыру полисінде осы Талаптардың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерге қосымша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптар бар.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сақтандыру полистерінің бланктерін полиграфиялық өнімді шығару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар дайындай алады.

Бұл ретте сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру полистерінің бланктерінде кем дегенде қолдан жасаудан қорғайтын үш қорғау дәрежесі болуы тиіс, олардың ішінде микромәтін, ультракүлгін сәулесінің әсерімен анықталатын көрінбейтін элемент және тангерлік сетка міндетті болып табылады.

5. Сақтандыру полисі бланкісінің мәтіні екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы тиіс.

6. Сақтандыру полисінің бланкі баспа мәтінімен не сиямен (шарикті қаламсаппен) қолмен толтырылады. Сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының (жарнаның) мөлшері цифрмен және жазумен көрсетіледі.

7. Сақтандыру полисінің мәтіні оның сөз тіркесінің нақты мағынасына сәйкес түсіндірілуі тиіс. Мәтінде арнайы сақтандыру терминологиясы пайдаланылған жағдайда, оның толық және бір мағыналы ұғымын беру қажет.

8. Сақтандыру полисіне сақтандырушы қол қояды. Сақтандыру агенті сақтандырушы мен сақтандыру агенті арасында жасалатын шартта тиісті өкілеттіктері болған жағдайда, сақтандыру полисіне қол қояды. Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру полисі қосымша сақтандырушының мөрімен бекітіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Сақтандыру полисін толтырғанда түзетулер мен дақтар болмауы тиіс.

10. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтанушының өтініші бойынша сақтандырушы түпнұсқамен бірдей заң күші бар төлқұжат жазып береді. Сақтандыру полисінің бланкінде оның бұрын шығарылған сақтандыру полисінің төлқұжаты екені туралы жоғалған сақтандыру полисінің нөмірі көрсетілген белгі болуы тиіс.

2-тарау. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің бланкін ресімдеу, нысаны, мазмұны және оны жасау

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі (бұдан әрі – міндетті сақтандыру) Талаптардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2015 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисіндегі сақтанушы (сақтандырылған), көлік құралы туралы мәліметтер сақтанушының өтініші негізінде сақтандыру шарты жасалатын, сақтанушының өтінішінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі тиіс.

13. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің бланкі баспа мәтінімен толтырылады.

14. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінде Дерекқор базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым беретін, сақтандыру полисінің нөмірі болып табылатын бірегей нөмір болады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 95 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі Талаптардың 4-тармағында белгіленген талаптардан басқа мынадай талаптарға сәйкес келеді:

міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің бланкісі түсінің нөмірі Pantone шәкілі бойынша 701 болуы тиіс. Осы түс сақтандырудың өзге түрлері бойынша сақтандыру полистері үшін қолданылмайды;

міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің бланкісін өндіру кезінде қолданылатын қағазда жарыққа тосып қарағанда көрінетін "KAZ - ою - KAZ" деген су тамғы белгісі болуы тиіс.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Талаптардың 13, 14 және 15-тармақтарында белгіленген талаптар Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген) көлік құралдары иелерінің азаматтық - құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасау жағдайларына қолданылмайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 95 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3-тарау. Туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полистерін ресімдеу және беру

Ескерту. 3-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2015 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

18. Туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша (бұдан әрі – туроператорды немесе турагентті міндетті сақтандыру) сақтандыру полистері Талаптарға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша беріледі.

19. Туроператорды немесе турагентті міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полистеріндегі сақтанушы туралы мәліметтер сақтандыру шарттарын жасауға негіз болатын сақтанушылар өтініштерінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келеді.

Сақтандыру полистері
бланкілерінің мазмұнына және
оларды әзірлеуге, көлік
құралдары иелерінің азаматтық-
құқықтық жауапкершілігін
міндетті сақтандыру,
туроператордың немесе
турагенттің азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті
сақтандыру жөніндегі
сақтандыру полистерін
ресімдеуге және беруге
қойылатын талаптарға
1-қосымша
нысан

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ЛОГОТИПІ/
ЛОГОТИП СТРАХОВЩИКА**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН
ЛИЦЕНЗИЯ/

ЛИЦЕНЗИЯ НА ПРАВО ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ № _____

Берілген күні/ Дата выдачи _____

БІРЕГЕЙ НӨМІР/ САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ/ Сериясы _____ № _____

УНИКАЛЬНЫЙ НОМЕР СТРАХОВОЙ ПОЛИС Серия _____ № _____

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ/
ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ ВЛАДЕЛЬЦЕВ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ

САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ТҮРІ/

КЕШЕНДІ ШАРТ/

ВИД ДОГОВОРА СТРАХОВАНИЯ

КОМПЛЕКСНЫЙ ДОГОВОР

СТАНДАРТТЫ ШАРТ/

СТАНДАРТНЫЙ ДОГОВОР

САҚТАНУШЫ/СТРАХОВАТЕЛЬ

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін), атауы (заңды тұлға үшін)/ Фамилия, имя, отчество (при его наличии) (для физического лица) наименование (для юридического лица)		
Тұрғылықты жері (орналасқан жері)/ Место жительства (место нахождения)		
ЖСН (жеке тұлға үшін)/БСН (заңды тұлға үшін)/ ИИН (для физического лица)/БИН (для юридического лица)	Резидент/Резидент (1), Резидент емес/ Нерезидент (2)	Экономика секторының коды/Код сектора экономики
Банктік деректемелер/ Банковские реквизиты		

САҚТАНДЫРЫЛУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР/СВЕДЕНИЯ О
ЗАСТРАХОВАННОМ

САҚТАНДЫРЫЛУШЫ/ЗАСТРАХОВАННЫЙ (Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))/ (Фамилия, имя, отчество (при его наличии))	СЫНЫП/ КЛАСС	ЖСН/ИИН
1.		
2.		
3.		
...		

КӨЛІК ҚҰРАЛЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР/
СВЕДЕНИЯ О ТРАНСПОРТНОМ СРЕДСТВЕ

МАРКАСЫ, ҮЛГІСІ/ МАРКА, МОДЕЛЬ	ТІРКЕУ НӨМІРІ/ РЕГИСТРАЦИОННЫЙ НОМЕР	ШАНАҚ НӨМІРІ/ НОМЕР КУЗОВА (VIN)

1.			
2.			
3.			
...			

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ/СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ

_____ ТЕНГЕ/
_____ ТЕНГЕ

(цифрлармен және жазумен/цифрами и прописью)

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУДІН ТӘРТІБІ МЕН
МЕРЗІМДЕРІ/

ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ

МЕРЗІМІН ҰЗАРТП/ БІРЖОЛҒЫ/ В РАССРОЧКУ/ЕДИНОВРЕМЕННО																				
Күні/дата																				
Сомасы/сумма																				

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ

с " __ " _____ 20__ жылдан бастап/год

по " __ " _____ 20__ жылға дейін/года

20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ/СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА

Ерекше жағдайлар/

Особые условия: _____

50% ЖЕҢІЛДІК БЕРІЛЕДІ/ПРЕДОСТАВЛЯЕТСЯ ЛЬГОТА 50%

негізінде/на основании _____

Сақтандыру аумағы/

Территория страхования

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ/

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ ЖАСАЛҒАН КҮН 20__ ж. " __ " _____ /

ДАТА ЗАКЛЮЧЕНИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА " __ " _____ 20__ г.

САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ (сақтандыру агентінің) ҚОЛЫ/

ПОДПИСЬ СТРАХОВЩИКА (страхового агента)

САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ орналасқан жері, телефон, факс, банктік деректемелері/

Место нахождения СТРАХОВЩИКА, телефон, факс, банковские реквизиты

Сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның телефоны/

Телефон организации по формированию и ведению единой базы данных по страхованию

СЫРТ ЖАҒЫ/ОБОРОТНАЯ СТОРОНА

Сақтандыру полистері
бланкілерінің мазмұнына және
оларды әзірлеуге, көлік
құралдары иелерінің азаматтық-
құқықтық жауапкершілігін
міндетті сақтандыру,
туроператордың немесе турагенттің
азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті
сақтандыру жөніндегі
сақтандыру полистерін
рәсімдеуге және беруге
қойылатын талаптарға
2-қосымша
нысан

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ЛОГОТИПІ/
ЛОГОТИП СТРАХОВЩИКА**

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2015 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 30.05.2016 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН
ЛИЦЕНЗИЯ/ЛИЦЕНЗИЯ НА ПРАВО ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ № _____

Берілген күні /Дата выдачи _____

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ

Сериясы ____ № ____

СТРАХОВОЙ ПОЛИС

Серия ____ № ____

ТУРОПЕРАТОРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ/
ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ ТУРОПЕРАТОРА

ТУРИСТІК ОПЕРАТОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЛИЦЕНЗИЯ (
ТУРОПЕРАТОРДЫҢ
ҚЫЗМЕТІ)/ЛИЦЕНЗИЯ НА ТУРИСТСКУЮ ОПЕРАТОРСКУЮ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

(ТУРОПЕРАТОРСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ) № _____

Берілген күні/Дата выдачи _____

САҚТАНУШЫ/СТРАХОВАТЕЛЬ

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін), атауы (заңды тұлға үшін)/ Фамилия, имя, отчество (при его наличии) (для физического лица) наименование (для юридического лица)	
Тұрғылықты жері (орналасқан жері)/ Место жительства (место нахождения)	
ЖСН (жеке тұлға үшін)/БСН (заңды тұлға үшін)/ ИИН (для физического лица)/БИН (для юридического лица)	Резидент/Резидент (1), Резидент емес/ Нерезидент (2)
Банктік деректемелер/ Банковские реквизиты	Экономика секторының коды/Код сектора экономики

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ/СТРАХОВАЯ СУММА

_____ ТЕНГЕ/
ТЕНГЕ

(цифрлармен және жазумен/цифрами и прописью)

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ/СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ

ТЕНГЕ

(цифрлармен және жазумен/цифрами и прописью)

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН
МЕРЗІМДЕРІ/

ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ

МЕРЗІМІН ҰЗАРТЫП/ БІРЖОЛҒЫ/ В РАССРОЧКУ/ЕДИНОВРЕМЕННО																				
Күні/дата																				
Сомасы/сумма																				

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ/
СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ бастап

20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ дейін/

с " __ " _____ 20__ года

по " __ " _____ 20__ года

Ерекше талаптар/Особые условия: _____

—

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ ЖАСАЛҒАН КҮН 20__ ж. " __ " _____ /
ДАТА ЗАКЛЮЧЕНИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА " __ " _____ 20__ г.

САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ (сақтандыру агентінің) ҚОЛЫ/ ПОДПИСЬ СТРАХОВЩИКА (страхового агента)
Сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) Шарт №/Фамилия, имя, отчество (при его наличии) Страхового агента № Договора

САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ орналасқан жері, телефоны, факсы, банктік

деректемелері/Место нахождения СТРАХОВЩИКА, телефон, факс,

банковские реквизиты

Сақтандыру полисінің бланкі баспа мәтінімен толтырылады/

Бланк страхового полиса заполняется печатным текстом

СЫРТ ЖАҒЫ/ОБОРОТНАЯ СТОРОНА

САҚТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ

1. Туроператордың туристік өнімді қалыптастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде туристің мүліктік және (немесе) өзге де мүдделеріне келтірілген зиянды оның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндетіне байланысты туроператордың мүліктік мүддесі туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

2. Туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оған туристік операторлық қызмет көрсету кезінде туристің мүліктік және (немесе) өзге де мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру оқиғасы болып танылады.

3. Сақтандыру жағдайы туристің зиянды өтеу туралы талаптарын сақтанушы негізді деп мойындаған және сақтандырушы сақтанушының талаптарды мойындауымен келіскен кезден бастап басталған деп есептеледі.

Сақтанушы туристің зиянды өтеу туралы талабын негізді деп мойындамаған жағдайда, сақтандыру жағдайы сақтандырушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген кезден бастап басталған деп есептеледі.

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін "Туроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 18-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жасайды.

Туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір пайда алушы бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерін құрайды. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

Пайда алушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі франшиза қолданылмай жүзеге асырылады.

5. Бір сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

УСЛОВИЯ СТРАХОВАНИЯ

1. Объектом обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора является имущественный интерес туроператора, связанный с его обязанностью, установленной гражданским законодательством Республики Казахстан, возместить вред, причиненный имущественным и (или) иным интересам туриста при осуществлении деятельности по формированию туристского продукта.

2. Страховым случаем по договору обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора признается факт наступления гражданско-правовой ответственности туроператора по возмещению вреда, причиненного имущественным и (или) иным интересам туриста при осуществлении туристской операторской деятельности.

3. Страховой случай считается наступившим с момента признания страхователем требований туриста о возмещении вреда обоснованными и согласия страховщика с признанием требований страхователем.

В случае непризнания страхователем требований туриста о возмещении вреда обоснованными страховой случай считается наступившим с момента вступления в законную силу решения суда о возмещении вреда, причиненного страхователем.

4. Страховая выплата производится страховщиком не позднее семи рабочих дней со дня получения им документов, предусмотренных пунктом 2 статьи 18 Закона Республики Казахстан от 31 декабря 2003 года "Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности туроператора или турагента" (далее - Закон).

Франшиза по договору обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора составляет пятикратный размер месячного расчетного показателя по одному страховому случаю и по каждому выгодоприобретателю. В случаях, когда размер причиненного вреда превышает установленный размер франшизы, страховая выплата осуществляется в полном размере.

Страховая выплата за вред, причиненный жизни и здоровью выгодоприобретателя, осуществляется без применения франшизы.

5. Общий размер страховых выплат по одному договору страхования не должен превышать размера страховой суммы, установленной договором страхования.

6. Страхователь имеет право:

6. Сақтанушының:

- 1) сақтандырушыдан туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптары мен тәртібін, туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда, оның телқұжатын алуға;
- 3) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін бағалау нәтижелерімен танысуға;
- 4) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
- 5) туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар.

7. Сақтанушы:

- 1) тиісті лицензиясы бар сақтандырушымен туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға;
- 2) туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап он жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей сақтандырушыға бұл туралы хабарлауға (ауызша, жазбаша) міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен жазбаша расталуға тиіс. Егер сақтанушының дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;
- 4) сақтандыру жағдайы басталғанда сақтанушының келтірілген зиянды өтеу міндеті туындайтын сақтандыру жағдайы келтірген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мән-жайды анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды сақтандырушыға беруге;
- 5) сақтандыру жағдайының залалдарын азайту үшін шаралар қолдануға;
- 6) туристің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу үшін сақтандырушыға мүмкіндік беруге, бұл орайда сақтандыру жағдайы келтірген залалдарды дәлелдеу сақтанушының мойнында болады;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

1) требовать от страховщика разъяснения условий и порядка обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора, своих прав и обязанностей по договору обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора;

2) получить дубликат страхового полиса в случае его утери;

3) ознакомиться с результатами оценки размера страховой выплаты, произведенной страховщиком или независимым экспертом;

4) в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, оспорить решение страховщика об отказе в осуществлении страховой выплаты или уменьшении ее размера;

5) досрочно прекратить договор обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора.

7. Страхователь обязан:

1) заключить договор обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора со страховщиком, имеющим соответствующую лицензию;

2) уплатить страховую премию в размере, порядке и сроки, которые установлены договором обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора;

3) в срок не позднее десяти рабочих дней, когда ему стало известно о наступлении страхового случая, уведомить об этом страховщика (устно, письменно). Сообщение в устной форме должно быть в последующем подтверждено письменно. Если страхователь по уважительным причинам не имел возможности выполнить указанные действия, он должен подтвердить это документально;

4) предоставить страховщику имеющиеся документы, необходимые для выяснения обстоятельств о характере и размерах причиненного вреда страховым случаем, с наступлением которого у страхователя возникает обязанность возместить причиненный вред;

5) принять меры к уменьшению убытков от страхового случая;

6) предоставить страховщику возможность для участия в урегулировании вопросов, связанных с требованиями туриста о возмещении вреда, при этом доказывание причиненных страховым случаем убытков лежит на страхователе;

7) обеспечить переход к страховщику права обратного требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая;

8) туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушыға туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді табыс етуге міндетті.

8. Сақтандырушы:

- 1) туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтерді талап етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 3) сақтанушының туристік қызметтер көрсетуге байланысты міндеттерді өзі орындауы нәтижесінде келтірген зиянды өтеу туралы туристердің талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;
- 4) Заңның 19-бабында көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;
- 5) Заңның 20-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

9. Сақтандырушы:

- 1) сақтанушыны міндетті сақтандырудың талаптарымен және тәртібімен таныстыруға, оның туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру полисін беруге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-кисабын көрсете отырып, сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін пайда алушыға табыс етуге;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда көзделген тәртіппен және шарттармен сақтандыру төлемін жүргізуге;

8) при заключении договора обязательного страхования ответственности гражданско-правовой туроператора представить страховщику сведения, необходимые для внесения в договор обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора.

8. Страховщик вправе:

- 1) при заключении договора обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора требовать от страхователя предоставления информации о предшествующих договорах обязательного страхования ответственности туроператора, страховых случаях, страховых выплатах и иных сведений, необходимых для заключения договора обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора;
- 2) запрашивать в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, у соответствующих государственных органов и организаций, исходя из их компетенции, документы и сведения, связанные с фактом наступления страхового случая и определением размера вреда, причиненного в результате наступления страхового случая;
- 3) принимать участие в урегулировании вопросов, связанных с требованиями туристов о возмещении вреда, причиненного страхователем в результате выполнения им обязанностей, связанных с предоставлением туристских услуг;
- 4) предъявлять право обратного требования к лицу, ответственному за причинение вреда, в случаях, предусмотренных статьей 19 Закона;
- 5) отказать в осуществлении страховой выплаты полностью или частично по основаниям, предусмотренным статьей 20 Закона.

9. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить страхователя с условиями и порядком обязательного страхования, разъяснить его права и обязанности, возникающие из договора обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора;
- 2) при заключении договора обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора выдать страховой полис;
